

"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 ақпанда № 33984 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5 – қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4 және 5 – қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 11, 12, 13, 14 және 15 – қосымшалар осы бұйрыққа 6, 7, 8, 9 және 10 – қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 61 және 62 – қосымшалар осы бұйрыққа 11 және 12 – қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 77 және 78 – қосымшалар осы бұйрыққа 13 және 14 – қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 103 – қосымша осы бұйрыққа 15 – қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі

Г. Бейсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрлігі

ектен ба

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2024 жылғы 8 ақпандағы
№ 27 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
1-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	6	9	11	11	37	1252
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі		2	2	2	6	204
5	Шетел тілі			2	2	4	136
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	726,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608

	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	118,5
	Жаратылыс тану	1	1	1	2	5	169
8	Жаратылыс тану	1	1	1	2	5	169
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	135
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	3	3	3	2	11	371
10	Музыка	1	1	1	1	4	135
11	Көркем еңбек				1	1	34
12	Еңбекке баулу	1	1	1		3	101
13	Бейнелеу өнері	1	1	1		3	101
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	22	25	25	90,5	3058,5
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	2	1	1	5	169
Вариативтік оқу жүктемесі		1	2	1	1	5	169
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		19,5	24	26	26	95,5	3227,5

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2024 жылғы 8 ақпандағы
№ 27 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
2-қосымша

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары

Білім салалары	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	